



11 шілде, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

МЕРЕЙ



3 Ең үлкен марапат – ел тілегі

ЖӘРДЕМ



4 Мобильдік топ: әр минут маңызды

ТАРИХ

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



5 Алашқа аян Алматы би

ҮЛГІ



8 Мақсат ортақ, тілек бір

ТИІМДІ ӘРІ БАТЫЛ ІС-ӘРЕКЕТТЕР КЕЗЕҢІ

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Бейнеба-ланис режимінде өткен жиынға Премьер-Ми-нистр Асқар Мамин, Пре-зидент Әкімшілігінің Бас-шысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, об-лыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және Ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиында сөйлеген сөзінде жыл басынан бері ұлттық экономиканың күрделі жағдайда дамып келе жатқанын атап өтіп, ел экономикасының жалпы 1,8% төмендегенін айтты. Еліміздегі эпидемиологиялық ахуал әлі де күрделі. Президенттің тапсырмасы бойынша коронавируспен күрес барысында шұғыл мәселелерді шешу үшін қосымша 150 миллиард теңге бөлінеді. Басты мақсат – коронавирус инфекциясының таралуын тоқтату және науқастарды емдеу ісінде нақты нәтижелерге қол жеткізу. Полиция және санитарлық



дәрігерлер карантин режимінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуі керек. Сондай-ақ толыққанды медициналық көмек көрсету және қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету де маңызды міндет.

– Денсаулық сақтау министрлігі басқару ісінде бірқатар өрескел қателіктер жіберді. Әкімдердің көпшілігі жұмысын тиісті

деңгейде атқарған жоқ. Үкімет те бақыламады. Жіберілген қателіктер мен олқылықтарды анықтайтын арнайы комиссия құру қажет. Бұл комиссия қазіргі ортақ жұмысқа кедергі жасамай, тексеріс жүргізіп, маған ұсыныс беруі керек. Тергеу жүргізу қажет болатын болса, «СК» Фармация» басшылығын жұмыстан босату керек. Соңғы кездері Міндетті

медициналық сақтандыру қоры төнірегінде әңгіме көп. Аталған қорға байланысты түрлі қауесеттер мен өсек әңгімелер болмауы үшін оның басшылығына өзін сөзбен емес, іспен көрсететін адамды қою керек. Үкімет өз тарапынан қордың жұмысына талдау жасауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

● ТЕЛЕКӨПІР

ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова онлайн режимде ұйымдастырылған телекөпір арқылы Арал ауданындағы Жақсықлыш кентіне «көгілдір отын» қосты.

– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұр-сұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен басталған ірі стратегиялық маңызы бар – «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбыры біздің өңірімізге сәтті кадам, зор мүмкіндік әкелді. Облыс аумағынан өтетін газ құбыры Сыр өңірін газдандыруға жол ашты. Қазіргі таңда ауданда 6500-ге жуық тұрғын үй «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілген. 200-ден астам кәсіпкерлік және әлеуметтік-мәдени нысандар газға қосылған.

Бүгін, міне, Арал қаласынан кейін Жақсықлыш кентіне «көгілдір отын» жеткізіліп отыр. Осы жұмыстардың барысында Жақсықлыш кентіндегі 855 жеке тұрғын үй, 23 кәсіпкерлік нысан және 4 әлеуметтік нысан «көгілдір отынға» қосылды. Коронавирус індетіне қарамастан қол жеткізіп отырған «көгілдір отын» әрбір отбасының жылуын, Отанымыздың қуатын арттыра түседі деп сенемін. Жақсықлыш кентіне газ берілісін, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Еске салайық, 2015 жылы Қызылорда облысы әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасындағы меморандумға сәйкес Арал қаласының 288 шақырымына газ құбыры және 2 газ тарату пункті мен

36 шкафты газ тарату пункттерінің құрылысы жүргізілген болатын. Нақты кезеңде Арал қаласы бойынша жалпы 6321 тұрғын үй, 210 кәсіпкерлік және 18 әлеуметтік-мәдени нысан газ жүйесіне қосылған.

2019 жылы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының тапсырысымен Жақсықлыш кентінің «Компания Газ Строй» ЖШС мердігерімен арқылы газдандыру жұмыстары басталып, бүгінгі күні толықтай орындалған. Аталған газдандыру жұмыстары барысында кентке 57,7 шақырым газ құбыры, 1 газ тарату пункті және 4 шкафты газ тарату пункті орнатылған.

Телекөпірге Жақсықлыш кентінен Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жоламанов, «Аралтүз» АҚ директоры Бауыржан Көшімбаев және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының қызметкерлері қатысты.

Шара соңында Жақсықлыш кентінің еңбек ардагері Айтұған Исмағұлов атқарылып жатқан жұмыстарға тұрғындардың атынан алғыс айтып, батасын берді.

«СБ» акпарат

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

Сақтық шараларына селқос қарамайық

Күн күйіп тұр. Соған қарамастан айналамызда түшкіріп, жөтелгендер, иіс, дәм сезбейтіндер, ыстығы көтеріліп, дем алуы қиындағандар көбейді. Меніңше, бұл жұрт айтып жүргендей жәй тұмау емес.

Әркім өз білгенінше үйде ем қабылдап жатыр. Бірақ кит етсе, дәріге жүгіру, оны оңды-солды пайдалану дұрыс еместігін түсіну керек. Бұл да майды көп жесең, жүрегіңді көтеретіні сияқты нәрсе. Адамдар жиі пайдаланатын антибиотиктер иммундық жүйені әлсіретеді. Ал көк тамырға көп сұйық құю өкпеге су жиналуына, оның жұмысына кері әсерін тигізеді. Дәруменді жөнсіз пайдалансаң, ол да зиян. Адам өзін-өзі емдеумен айналыса бастаса, ағзасы айналадағы өзгерістерге қарсы тұра алмай қалады. Одан да көкөніс, жеміс-жидек, әсіресе, пияз, аскөк, сарымсақ пайдаланған әлдеқайда пайдалы.

Ендігі мәселе мынау. Ауырған адамның көптігінен дәріханалар алдында ұзын-сонар кезек. Дәрі тапшы. Бұған бір жағынан өзіміз кінәліміз. Дәрі-дәрмекті артығымен алып, қор жинау арқылы өзгеге зиянымыз тиюде. Әсіресе, егде жастағы, созылмалы және басқа да дерті бар кісілер соның зардабын тартып отыр. Халықтың көзін ашып, білімін арттыратын дүниелерді бұқаралық акпарат құралдарынан жиі көрсетудің маңызы зор. Атап айтқанда, дәрігердің нұсқаусыз сатылмайтын медициналық өнімдер, оның пайда-зияны, қолдан ажиотаж туғызбау туралы айтылуы керек.

Пандемия кезеңінде Үкімет те, Денсаулық сақтау министрлігі де – жауапты салалардың барлығы аянып қалып жатқан жоқ. Орынсыз байбалам салып, бір-бірімізді кінәлағаннан ештеңе шықпайды. Одан да қиындықтан бірге құтылудың қамын жасайық. Сақтық шараларына селқос қарамайық.

Көбек НАРШАБАЕВ,
Қазалы ауданаралық ауруханасы
хирургия бөлімінің меңгерушісі.



«ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛҒАНДА ЖЕҢЕМІЗ!»

Қызылорда қаласының әкімдігі кеселмен күрес бағытында облыс орталығында қызу жұмыс жүргізуде. Оған барлық ұйымдар мен мекемелер жұмылып, шектеу мен алдын алу талаптары сақталған. Жүйелі жұмыс қашан да нәтижелі болмақ. Қала әкімі атқарылып жатқан сан алуан жұмысты өз бақылауында ұстап отыр.

4-бет.

Қазақстан Республикасында коронавирус індетінен қайтыс болған азаматтарды еске алу жалпыұлттық аза тұту күнін жариялау туралы

Қазақстан Республикасында 2020 жылғы 13 шілде коронавирус індетінен қайтыс болған азаматтарды еске алу жалпыұлттық аза тұту күні болып жариялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2020 жылғы 9 шілде
№ 116

АЛДАҒЫ ЕКІ АПТА — ШЕШУШІ КЕЗЕҢ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ахуалға байланысты 8 шілде күні халыққа телевизиялық үндеу арнады

Мемлекет басшысы әлемдегі пандемияға байланысты қалыптасқан жағдай күрделене түскенін, коронавирустың таралуы бәсеңдемей отырғанын, тіпті кейбір елдерде бұл індет қайтадан ұшығып бара жатқанына тоқталды, сондай-ақ елімізде жасалып жатқан нақты іс-шараларды атап айтты.

«Әлем бойынша осы вирусты жұқтырғандардың саны шамамен 12 миллионға жетті, соның салдарынан 500 мыңнан астам адам қайтыс болды. Сол себепті, бірқатар елдерде карантин тәртібі қайта күшейтіліп, әуе, көлік қатынасы қайтадан шектелді.

Өкінішке қарай, біздің елдегі жағдай да оңай болып тұрған жоқ. Мемлекеттік комиссияның шешімімен 5 шілдеден бастап елімізде екі апталық мерзімге карантин шаралары енгізілді. Бұл аса қажетті шешім болды. Жағдайдың тұрақталатыны сөзсіз. Оның алғашқы белгілері де бар. Сондықтан алдағы екі апта біздің болашақ қадамдарымыз үшін шешуші кезең болмақ. Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты.

Бұл – өте қауіпті, батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерт.

Коронавирустың таралуына байланысты денсаулық сақтау жүйесіне көп ауыртыпалық түседі. Ашығын айту керек, денсаулық сақтау жүйесі індетке тойтарыс беруге дайын болған жоқ. Осы мәселе бойынша біз тергеу жүргіземіз және бұл жағдайдан сабақ аламыз. Әкімдердің жіберген қателіктеріне тиісті баға береміз. Дегенмен, мемлекет тарапынан барлық қажетті шаралар қабылданады. Қабылданған шаралар мен медицина қызметкерлерінің ерлігінің арқасында емделіп шығып жатқан азаматтардың саны едәуір көбейді.

Көптеген елдердегі жағдай бізден де қиын. Дегенмен, «Әр қазақ – менің жалғызым» дегендей, әр азаматымыздың қазасы менің жүрегіме қатты батады. Мынау алапат індет арамыздан талай асылдарымызды жұлып әкетуде. Бүгінде кара жамылып отырған азаматтардың қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Сол үшін 13 шілдені – Ұлттық аза тұту күні деп жариялаймын. Бірақ біздің күресіміз жалғаса береді. Бұл індетті адамзат жуық арада жеңе қоймас. Алайда уайым мен қайғыға батып, түрлі қауесеттерге сеніп, еңсемізді түсіруге тағы да болмайды. Салмақты, сабырлы болайық!

Біздің жұмысымыз – айқын, қоғам алдында ешнәрсені жасырмай, ашық айтамыз. Болашақта да солай болады. Бүкіл күш-жігерімізді жинап, індетпен күресу беруіміз керек.

Осындай күрделі жағдай кезінде ел арасында көптеген жалған әңгімелер тарауда. Теріс акпарат таратып жүрген арам пиғылды адамдардың әрекеттері орын алуда. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар жалған акпаратқа сенетін болды.

Сонымен қатар тағы бір маңызды мәселе. Дәрігерлеріміз бұқаралық акпарат құралдары арқылы азаматтарға нақты, бірізді мәлімет беруі керек. Дертті емдеудің неше түрлі жолдарын көрсетіп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруге болмайды. Мұндай әрекеттерге тосқауыл қою керек. Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес жалған акпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Құқық қорғау органдары ел ішіндегі осындай жөнсіздікке қатысты қатаң шаралар қолданатын болады. Сол сияқты дәрі-дәрмектің бағасын бірнеше есе өсіріп, қалыптасқан жағдайды өз мақсатына пайдаланғысы келген алыпсатарларды да құқық қорғау органдары менің тапсырмама сәйкес жауапқа тарта бастады.

Қазір мемлекеттік органдар елді мекендерді қажетті дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етуде. Осыған орай, тиісті қор жасақталған. Төсек орындары да, медициналық қызмет көрсету ісі де толығымен қамтамасыз етіледі» деді ел Президенті халыққа арнаған Үндеуінде.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы өз Үндеуінде елімізде қазіргі уақытта әмбебап мобильді бригада құрылғанын мәлім етті. «Мемлекет жағдайды тұрақтандыру үшін барлық шараны қабылдап жатыр. Алғашқы медициналық көмек қызметтері күшейтілуде.

2-бет.



ТИІМДІ ӘРІ БАТЫЛ ІС-ӘРЕКЕТТЕР КЕЗЕҢІ

Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевқа «СК Фармация» ұйымының жұмысында сыбайлас жемқорлық көріністерінің бар-жоғын тексеруді тапсырды. Сонымен қатар Президент барлық өңірді тез арада дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету керектігін, індет кезінде дәрі сату арқылы пайда тапқысы келгендерді қатаң жауапқа тарту қажеттігін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев мұның ұлттық қауіпсіздік мәселе екенін ескере отырып, мемлекеттік органдарға аса қажетті дәрі-дәрмектердің және медициналық бұйымдардың жеткілікті қорын қалыптастыруды міндеттеді.

– Қазақстанда дәрі мен медициналық бұйымдардың көптеген түрін өндіруді жолға қоятын кез келді. Қашанға дейін импорттық дәрілерге тәуелді боламыз? Намысымыз қайда? – деді Президент.

Мемлекет басшысы пандемияға қатысты барлық шешімдерді жедел қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрінің нұсқаулары мен талаптарын Үкіметтің өзге мүшелері мен әкімдер бірінші кезекте орындауы тиіс деді. Жиын барысында Президент Үкіметтің жалпы құрамына да ескерту жасады.

– Пандемия кезінде Денсаулық сақтау министрің ерекше мәртебеге және құзыретке ие деп есептеңіздер. Министрлікке пандемиямен күрес жөніндегі күнделікті есептің және ақпараттың берілуін қамтамасыз етуді Үкімет пен әкімдіктерге тапсырамын. Қалыптасқан ахуал екі аптадан кейін жақсарады деп үміттенемін. Олай болмаған жағдайда, жалпы Үкіметтің осы құрамда жұмыс істеу мүмкіндігі туралы мәселе туындайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы пандемиямен күреске және экономикалық дағдарысты қайта қалпына келтіруге бөлінген қаржыға қатаң бақылау жасауды Есеп комитеті мен Президент Әкімшілігіне тапсырды. Үкімет мүшелері бірінші кезекте дағдарысқа қарсы қабылданған шешімдердің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ, Үкімет пен Ұлттық банкке аталған салаларды және ахуал қиындаған жағдайда халықты қолдау үшін қосымша шаралар әзірлеуді тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін іске қосылған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының жүзеге асырылу барысын сынга алды. Оның қаржыландырылуы 1 триллион теңгеге дейін жеткен. – Аталған бағдарлама импортты алмастыру және жұмыспен қамту үшін маңызды бастама ретінде қолға алынған. Бірақ 1 жарым жыл ішінде бұл бағдарламаның шарттары 6 рет қаралды. Ал, жалпы бөлінген 200 миллиард 1-бет.

теңгеден сәл ғана асатын қаржының тек бестен бірі ғана игерілген. Өңдеу өнеркәсібіндегі субъектілердің саны және халық тұтынатын тауарлар импортының үлесі бұрынғы деңгейде қалып отыр. Яғни, нақты мақсаттар мен міндеттемелерді айқындап алмай, ақша бөлеміз. Басқаша айтқанда, атаулары жақсы басқа бағдарламалар сияқты «қарапайым заттар экономикасының» да сәтсіздікке ұшырау қаупі туындады. Осыдан қорытынды шешім шығару керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент 1 триллион теңге қаржы бөлінген Жұмыспен қамту жол картасының жүзеге асырылу барысында да көптеген мәселе бар екенін айтты.

– Жоспарда көрсетілгендей 255 мың емес, 150 мыңға жуық адам ғана жұмысқа орналасты. Жобалардың дені, негізінен, жөндеу жұмыстарына бағытталған. Бұл бастамалар азаматтарды бнылғы қазан айына дейін уақытша жұмыспен қамтамасыз етеді. Әрі қарай не істейміз? – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдердің шұғыл түрде тұрақты жұмыс орындарын көбейтуге кірісуі керек екенін айтты. Сондай-ақ, жекелеген салықтардың мөлшерлемесін арттыру мәселесі бойынша өзінің пікірін білдірді. – Үкіметте бюджеттің кіріс бөлігін арттыру мәселесі талқыланып жатыр. Сондай-ақ жекелеген салық түрлерінің, оның ішінде корпоративтік табыс салығы мен қосымша кұн салығының мөлшерлемелерін арттыру мәселелері қарастырылуда. Бюджетке түсетін қаржыны көбейтудің ең қарапайым тәсілі осы болғандықтан Үкіметті түсінуге болады. Бірақ экономиканы жандандыру керек деп, салықты ойланбай, біржақты арттыру оңсыз да күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайды қиындатып жіберуі мүмкін. Сондықтан аталған мәселені барынша ақылға салып шешу қажет, – деді Президент.

Бюджет тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиімсіз шығындарды қысқартқан жөн. Экономика үшін тиімділігі аз салықтық жеңілдіктердің есебінен қосымша резервтерді қарастыру ұсынылууда. Президент мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктер жобаларының жүзеге асырылу барысында мемлекеттің міндеттемелеріне, сондай-ақ, мемлекеттік инфрақұрылымдық бағдарламалар аясында отандық өнімдердің үлесін сақтауға қатысты мәселе барын айтты. – Аталған мемлекеттік бағдарламалардың жыл сайынғы қаржыландырылуы 2,8 триллион теңгеге жуық. Яғни, біздің экономикамызға 2,5 триллион теңге құйылуы тиіс. Мұның жұмыспен қамтуға және салыққа оң ықпалы болар еді. Ал, іс жүзінде мемлекеттік органдар мен бас мердігерлерде жоспарлаудың

бірыңғай жүйесі, есептілік пен есепке алу, қатаң жауапкершілік жоқ. Отандық өнім жөніндегі өңірлік комиссияның жұмысы көбінесе «көзбояушылықпен» жүргізіледі. Бизнес жоспарланған жұмыстың ауқымын, қажетті тауарлардың тізімін білмейді. Отандық өнімді есепке ала отырып, бекітілген жобалық-сметалық құжаттар бірнеше рет өзгеруі мүмкін. Соңында бәрібір шетелден сатып алынады, – деді Мемлекет басшысы.

Пандемия елді азық-түлікпен қамтамасыз етудің әлсіз тұстарын көрсетіп берді. Халықтың табысы азайды, бірақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары қымбаттай түсті.

2021 жылы Жер кодексінің кейбір нормаларына қойылған мораторий аяқталады. Мемлекет басшысы бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім қабылдау қажеттігі туралы айтты.

– Негізгі мәселені айқындап алдық. Жер шетелдіктерге сатылмайды. Бұл мәселеге енді оралмаймыз. Бірақ, агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін инвестиция мен технологияны тартуға тиіспіз. Осыған орай, жерді тиімді пайдалану мәселесін фермерлер қоғамдастығымен бірге кенінен талқылау керек. Барлық ұсыныс жария түрде ашық талқылануға тиіс. Осыжұмыстыңқорытындысы бойынша Үкіметке Жер кодексіне түзетулер енгізуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, пандемия цифрлық экономиканың дамуына тың серпін беріп қана қоймай, ондағы елеулі кемшіліктер мен олқылықтарды көрсетті. Президент Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасындағы барлық кемшіліктерді түзетіп, жыл соңына дейін 250-ден астам тұрғыны бар елді мекендерді сапалы интернетпен қамтамасыз етуді тапсырды.

– Қашықтан оқыту әдісіне көшу ісі инфрақұрылым мен интернет сапасына қатысты елеулі мәселелердің бар екенін көрсетті. Мұғалімдердің 20 пайыздан астамы үйлерінде толыққанды интернет пен компьютер жоқ болғандықтан, қашықтан тиімді оқыта алмады. Мектептердің балаланындағы 400 мыңнан астам компьютердің тек 40 пайызы ғана іске жарады. Бұл – әкімдіктер мен министрліктің жұмысының нәтижесі. Әкімдіктер жаңа оқу жылына дереу дайындалып, мектептер мен жекелеген мұқтаж от-басыларды қажетті техникамен жабдықтауы тиіс. 1 қыркүйекте жаңа оқу жылы басталады. Министрліктің бұған толық дайын екеніне күмәнім бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі таңда әрбір басыдан шұғыл мәселелер мен тапсырмаларды барынша тиімді шешуді талап етті. Сондай-ақ Үкімет пен әкімдерді жауапкершіліктен қашпауға,

бюрократияға жол бермеуге шақырды.

– Ашығын айтайын. Осы отырысқа дайындық барысын-да маған кейбір өңірлер мен мекемелердің бірінші басшыларын қызметтен босатуды, тіпті Үкіметті тарату туралы кеңес бергендер де болды. Қоғам мұндай қадамды жақсы қабылдайды, ұпай жинайсыз деді. Маған ұпай керек емес. Мен жауапты адамдарды тыңдауға дайынмын, бірақ жұртшылыққа жағу үшін ондай «ойынға» бармаймын. Кейбір әкімдерге сөгіс пен ескерту жасалған. Негізі, осындай жазаны басқа да басшыларға беруге болады. Біз әлеуметтік-экономикалық дамудың аса күрделі кезеңінде тұрмыз. Үкімет пен әкімдерге одан әрі ұшыға түсетін дағдарыстан шығу үшін тиімді әрі батыл іс-әрекеттер керек. Әлемдік экономиканың болжамы, ал Қазақстан – соның бір бөлігі. Бірақ, бұл резервтегі күштер пайдаланылмайды деген сөз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзінде ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында құрылымдық реформалардың уақыты келгенін айтты. Яғни, Үкімет пен мемлекеттік органдар экономиканың беталысын халыққа қарай бұруы тиіс. Барлық белгілері айқындалған жаңа бағдар қажет.

– Дағдарыс біздің қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді, азаматтардың жергілікті және орталық билікке деген күмәні мен сенімсіздігін анық көрсетті. Біздің мемлекеттік аппарат және жалпы мемлекеттік басқару жүйесі уақыт талабына ілесе алмай отыр. Идеологиялық аппаратқа білім, тәжірибе, ой ұшқырлығы, батылдықжетіспейді. Мемлекеттік басқаруды қайта құру қажет. Бұл жергілікті өзін-өзі басқаруды едәуір күшейтуді қарастыратын саяси реформаның бөлшегі болмақ. Мұндай реформасыз біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тын серпін бере алмайтынымызға сенімдімін, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнайтын алдағы Жолдауында толығырақ тоқталмақ. Қазір жаңа міндеттерді сапалы орындау үшін кадрларды іріктеудің маңызы зор.

– Біздің жаңа бағыт өз міндеттерін адал атқаратын білімді, батыл, бастамашыл, іскер орындаушыларды қажет етеді. Бізде осындай азаматтар жеткілікті ме? Ал енді ойланып көріңіздер: осында отырған тұтас команда аталған талаптарға толық сай келе ме? Үкімет мүшелері мен әкімдер өздерінің мүмкіндіктерін шынайы бағалайды деп ойлаймын. Бізде өзіне сыни көзбен қарау қашанда қиындық тудырған, дегенмен, мемлекеттің пайдасына қарай шешім қабылдайды деп сенемін, – деп сөзін қорытындылады Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

● ПІКІР-ПАЙЫМ

ҚАЗІР БІР-АҚ МӘСЕЛЕ БАР

Президент Үндеуінде Үкіметтің, әсіресе Денсаулық сақтау министрлігінің, жергілікті атқарушы органдардың індетке қарсы нақты іс- шаралар жасамағандығы туралы ашық айтты. Толық қолдаймын. Бұл Парламент қабырғасында да айтылған болатын. Тыңдайтын құлақ болмады.

Өкінішке қарай, көптеген отандастарымыз дер кезінде нақты дәрігерлік көмек ала алмағандықтан, тиісті дәрі-дәрмектер жетпегендіктен өмірден озды.

Әлі де болса, он мыңдаған адамға көмек қажет. Олар қатты қиналуда. Барлық күшімізді солардың өмірін сақтап қалуға жұмсауға тиістіміз. Үкімет абаттандыруға, қол салуға, т.б. қатысты шығындарды қысқартып, оның орнына қажетті медициналық құрал-жабдықтарды сатып алуы керек. Қазір бүкіл күш, барлық әрекет бір-ақ нәрсеге жұмсалуды керек, ол – халқымызды індеттен алып шығу. Президенттің айтып отырғаны да – осы. Қалғанының бәрін екінші кезекке қоятын уақыт. Адам өмірінен қымбат ешнәрсе жоқ.

Президент Үндеуі қажет кезінде, қазакша айтқанда, темірдің қызып тұрған кезінде жасалды. Бұл – біріншіден, барлық іс-әрекетті маңызды мәселеге бұру, екіншіден, халқымыздың сенімін арттыруға, алдағы күндерге зор үмітпен қарап, бірліктен ажырамауға шақыру болды.

Мұрат БАКТИЯРҰЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

ЕҢСЕНІ ТҮСІРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Қазақстан халқына арнаған телевизиялық Үндеуінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамды алаңдатып отырған көптеген мәселеге тоқталды.

Оның ішінде коронавирусқа байланысты әлемде ахуал күрделене түскенін, елімізде қабылданған екі апталық карантиндік шаралар болашақ қадамдар үшін шешуші кезең екенін атап өтті. Әлемде 12 миллиондай адам ауру жұқтырса, соның жарты миллионнан астамы көз жұмды. Статистика алаңдауға сеп әрі әлі де еркінсуге ерте екенін көрсетеді.

«Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты. Бұл – өте қауіпті, батпаңдап кіріп, мысқалдап шығатын дерт» деді Президент.

Мемлекет басшысы қауіпті індеттен жақын-жуығы қайтыс болып, қара жамылып отырған отбасыларға көңіл айтты.

«Сол үшін 13 шілдені – Ұлттық аза тұту күні деп жариялаймын. Бірақ, біздің күресіміз жалғаса береді. Бұл індетті адамзат жуық арада жеңе қоймас. Алайда, уайым мен қайғыға батып, түрлі қауесеттерге сеніп, еңсемізді түсіруге тағы да болмайды. Салмақты, сабырлы болайық!» деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ешкім қиындықпен бетпе-бет жалғыз қалмайтынын, мемлекет әрбір қазақстандықтың өмірі мен денсаулығы үшін күресетінін жеткізді. Ал қазіргідей сын сағатта мұндай мәлімдеме еңсе тіктеуге көмектесетіні анық.

Ғани БАЙҰЛОВ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ Дәстүрлі өнер институтының директоры,
философия докторы (PhD)

КҮН ЖАМАНЫ КЕТЕР

Адамзат баласы қазір әлемді жайлаған қатерлі індетпен күрес бағытында барынша белсенділік танытуда. Коронавирус инфекциясына қарсы біздің елімізде де тиісті іс-шаралар белсенді түрде жүзеге асырылып отыр. Десе де, қай кезде де жауапкершілік мәселесіне немқұрайлы қараудың ешбір реті жоқ. Түркістан қатерлі індеттің өршіп кетпеуі үшін барынша қауіпсіздік шараларын сақтап, адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектей тұрғаны дұрыс. Өкінішке қарай, қазір халық арасында осындай талаптар сақтала бермейді.

Сондай орны толмас олқылықтың зардабын тартып жүргеніміз де белгілі. Күнбе-күн қатерлі індетке шалдыққан қаншама науқас тіркеліп, олардың арасынан өмірден мезгілсіз өтіп жатқан ағайын-туыс, бауырларымыздың бар екендігі бізді ойlandsырады. Сондықтан бұл бағытта мемлекет тарапынан тиісті қатаң шаралар қолға алынып, бүгінгі күндері елімізде карантиндік шектеулер енгізілген. Оның алғашқы нәтижесі де байқала басталы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына телевизиялық Үндеу жасап, онда бүгінгі күні маңызды саналып отырған көптеген мәселеге байланысты ой-пікірін білдірді. Қапыда көз жазып қалған қаншама бауырымызды еске алу мақсатында 13 шілде – Ұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Оны дер кезінде қабылданған оң шешім ретінде санаймын.

Қазақ халқында «Күн жаманы кетер» деген нақыл сөз бар. Халқымыз талай зауал мен зобаланды, індет пен нәубетті бастан өткізді. Еңсемізді езіп кеткен сол ауыр күндер де бүгінде артта қалды. Сондықтан еліміздің барша тұрғындарын сабырлық сақтауға, үрей мен қорқынышқа бой алдырмауға шақырамын. Қатерлі індетпен күрес бағытында тиісті іс-шаралардың жүзеге асуына белсенді түрде қатысуға тиістіміз. Ең бастысы, әрбір адам өзінің, отбасының, ағайынның амандығын сақтауда жауапкершілік танытқаны жөн болады.

Есенжол НАЗАРОВ,
техника ғылымдарының кандидаты,
доцент,
«Nur Otan» партиясы «Тұран» филиалы
төрағасының бірінші орынбасары

АЛДАҒЫ ЕКІ АПТА — ШЕШУШІ КЕЗЕҢ

Үйде халыққа кешенді медициналық қызметтерді көрсету үшін 400 әмбебап мобильді бригада құрылды. Шілде айының соңына дейін олардың саны 3,5 мыңға дейін жеткізіледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің сөзіне қарағанда, ауруханалардағы төсек орындарының санын көбейту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. «Мен нұсқау берген сәттен бастап коронавируспен сырқаттанған науқастарға арналған төсектік орын саны 70%-ға артып, олар 43 мыңға дейін жеткізілді. Бұл жұмысқа әскери дәрігерлер де белсенді араласуда. Қарулы Күштер ресурстарының арқасында 500-ден астам төсек орын орналастырылды. Вирустың ерекше таралу ошақтары орнында далалық ауруханалар жасакталуда» деді Президент.

Президент Үндеуінде елімізде алдағы уақытта халықтың ПТР-тестілеуден өту жиілігі тәулігіне 40 мыңға жеткізілетіні атап көрсетілді. «Тестке қолжетімділікті арттыру мақсатында қазіргі зертханалар қосымша жарактандырылууда. Қосымша 20 ПТР анализатор сатылып алынады. ПТР-тест үшін 8 мобильді орталық құрылады. Бұл орталықтар ауылдарда да салынады» деді Қ.Тоқаев. Мемлекет басшысының пайымдауынша, бұл қолға алынған шаралар елімізде алдағы уақытта халықтың ПТР-тестілеуден өту жиілігін тәулігіне 40 мыңға жеткізуге мүмкіндік береді.

Президент халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі алдағы күндері өз шешімін табатынын мәлімдеді. «Дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді жақсарту мәселесіне жеке тоқталып келеді. Осы мақсатта дәрі-дәрмектерді сер тификаттау мерзімі мен тәртібі қысқартылды. Мемлекеттік сатып алудың арнайы рәсімі эпидемияға қарсы қажеттіліктер үшін бір көзден алу бойынша әлеуметтік әдістің мерзімі ұзартылды. Қазақстан Республикасында тіркелмеген вирусқа қарсы препараттарды бір реттік әкелудің тәртібі жеңілдетілді. Мұндай өтініштер бір күннің ішінде қаралады», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, індетке шалдыққандарды емдеуге



ТАҒЫМ

Әркімнің жанын бесікке бөлегендей тербететін ән деген әлемнің тылсымына бала кезінен батқан Кеңес Дүйсекеев осы өнердің өр шыңына шыққан бірегей тұлға болды. Оның есімін білмейтін, оның әнін шырқамайтын қазақ жоқ.

Бұл биікке әрине, ұзақ-сонар жолмен жүріп жетті. Әкесінен бес жасында айырылды. Ол бір суреті жоқ заман екен, асыл адам бейнесінің қандай екенін де елестете алмайды. Еміс-еміс сөздері есіне түседі. «Балам, сен Жалаңтөс баһадүрдің тегіненсің» деуші еді. Алтын зұлпықарын сермеген Жалаңтөс қазақтың зар-мұнын жеңем деп алысқан алып батыр екен, соны білгенде кеудесін бір рух көтеріп әкетті.

Жастайынан Алматыға аттанды, үлкен қаладағы мектеп-интернатта оқыды. Одан әрі музыкалық училищеге, онан соң Алматы мемлекеттік консерваториясына түсті. Училищесіде Қазақ КСР халық артисі, профессор А.В.Бычковтан, консерваторияда



АСПАНЫНДА ҚАЛЫҚТАП ҚАЛҒАН ӘН КОМПОЗИТОР КЕҢЕС ДҮЙСЕКЕЕВ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ

қазақ эпостарына опера жазған атақты Е.Г.Брусиловский, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері Л.Хамиди, КСРО халық әртісі Ғ.Жұбанова секілді өнер ғұламаларынан сабақ алды.

1980-1990 жылдар аралығында қатар өскен, таласа ән жазған – Сейдолла Бәйтерекөв, Тілес Қажығалиев, Кеңес Дүйсекеев үшеуінің аты тең танылды. Олар қазақ эстрада ән жанрына түрленен жол ашып, жаңалық алып келді.

Кеңес Дүйсекеев «Қарақөзайым», «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел!», «Өкінбе сен» секілді алғашқы әндерімен-ақ қалың елдің ыстық ықыласына бөленді. Бұл әндерді Роза Рымбаева, Нағима Ескалиева секілді белгілі эстрада әншілері орындады, тіпті осы әндер арқылы олардың аты асқақтап кетті.

Ол кезде бүгінгідей ән жазған екінші бірі Композиторлар одағына мүше бола алмайтын. Кеңес Дүйсекеев отыз жасында КСРО Композиторлар одағының мүшесі атанды. Одаққа мүшелікке өту үшін арнайы біліміне қоса классикалық жанрларда жазған бірнеше үлкен шығармашылық болуы тиіс еді. Оны Мәскеуге жібересің, олар шығарманы оркестрлерге салып орындатады. Мүйізі қарағайдай мамандар басын қос қолдап ұстап отырып тыңдап, авторды одаққа аламыз ба, жоқ па деген мәселені ортаға салады. Дүйсекеев осы сыннан сүрінбей өткен ғой, сонда оның жүз жиырмадай музыкалық жанрларда жазған бірнеше үлкен шығармашылық бар оркестрдің үлкен құрамына арнап жазған симфониясын орыс музыка өнерінің өкілдері еріксіз мақұлдапты.

Кеңес ағамыз өте еңбекшіл еді, өзінің бірегей, биік деңгейіне жету үшін жеке тірлігінің бәрін тәрк етіп, музыка мұзасымен ғана өмір сүрді. Ол жеңіл-желпілікті жек көрді, ұнатпағанын бетке айтатын тұрашылдығы туабітті мінезі болатын. Анығында, ол өнер тазалығы үшін өмір бойы күресіп өтті десем де болады.

Мен 1985 жылы Алматыдағы Чайковский атындағы музыкалық училищеге түстім. Кеңес ағамен сол кезде таныстым. Сонда ағамыз Қазақ телерадиосының эстрада-симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері екен.

Студент кезімде жазған «Сен мені іздедің деп кінәлама» деп аталатын әнім бар еді. Кеңес аға сол әнімді тыңдап көріп, оркестрге қосамыз деді. Әннің партитурасын жазып шықтым. Бұл – әнді оркестрдегі әр аспаптың үніне жеке-жеке қосу деген сөз. Шындығында, партитура жазуды Кеңес ағадан үйрендім. Сол әнді оркестрмен әнші Бақыт Шадаева орындап шықты. Осылайша, менің де атым атала бастады. Дәл сол кезден бастап Кеңес ағаның туғанындай болып кеттім. Ол мені жерлес есебінде ғана емес, өзімен үндес шәкірті есебінде көбірек жақсы көрді. Үйдегі Баян апамызды рулық жағынан жақын тартып, жездес есебінде еркін сөйлесетінмін. Кейде ағамыздың шалт ашуы бар, бұл жағынан мінезімізде де ұқсастық болатын. Алайда, ағаның ашуы соншалықты жұмсақ, «шайы орамал кепкенше» дейтін ашу.

Жалпы, ол кісінің бойында ұлы адамдарға тән сирек мінездер жиі көрініс беретін. Кейде дауа, кейде бала. Ал, білімі жағынан терең. Дәулеткереймен дәуірлес, Құрманғазымен қоныстас кісідей сөйлеп бергенде былай дейтін ешкім жоқ. Сосын Гайдн, Моцарттарға қарай тартып кете береді. Сонша білімді бір бойына сыйғызып, өзін озық санамай қатарымызда ойнап-күліп жүретін қарапайымдылығы да – бір даралығы.

Жұрттың көбі Кеңес ағаны текауызда жүрген әндердің авторы есебінде біледі ғой, ал, оның көптеген классикалық жанрдағы шығармалары өз алдына бір әлем. Сол шығармалары Еуропаның бірнеше мемлекетінде өткен конкурстарға қатысқан. Соның бірі – «О, туған жер!» деп аталатын хорға арналған акапеллалық шығармасы. Мұндай дүниелерді санамалай берсе көп, әрине.

К.Дүйсекеев «Толғау» симфониясының, «Жалаңтөс батыр» симфония поэма-картинасының, «О, дүние!» кантатасының, «Жыл мезгілдері» романстар циклінің, «Мәди», «Аққу Жібек» мюзиклінің, «Алдар көсе» опереттасының, симфония-концерттер, аспаптарға арналған концерттер, камералық оркестрге арналған шығармалар, соната, рап-содия, вариациялар және екі жүзден астам әннің авторы болды.

Шындығында, тыңдарман үшін Кеңес

аға әр жүректің сезім күйіне оранған көркем әндерімен қымбат. Бір ғана «Қарағым-ай» әнінің өзі – баяғының бәсімен құны қырық нағға жүк болатын жауһар. Жакында осы ән Димаш Құдайбергennің орындауында күллі әлем тыңдарманына жол тартты. Осыны тыңдағанда Кеңес ағаның әндері орындаушысын тапқан сайын түрленіп түлей түсетін, ғұмыры ғасырлық өлшемдерге сай туындылар екенін тағы бір мойындадты.

Осындай үлкен жүректі адам туған жерін шексіз сүйетін перзенттік махаббатын әрдайым іспен дәлелдеді. Аудан көлемінде қолға алынып, кейін тоқтап қалған Роза Бағланова атындағы «Ақмәңгілік» әншілер конкурсының облыстық дәрежеде өткізілуіне тікелей бастамашы болды. «Бозторғай», «Жас қанат» республикалық конкурстарының қазылар алқасында отырды. Қостанайда балалар шығармашылығына арналып өткізіліп жүрген «Алтын микрофон» байқауына келетін шетелдік қазыларға да өзі төрағалық жасады. Мұнысы ол кісінің басқалардан бір бас озық білімділігінің белгісі болатын.

Өсіп келе жатқан талантты балаларды көргенде балаша қуанатын. Қызылордадан сыртқа шығып, өнерден озып бөйге алған бір жастың атын естісе, дереу телефон соғып, бізді құттықтайтын.

2006 жылы Кеңес ағаның 60 жылдық мерейтойына орай Қызылордада облыстық мәдениет басқармасының үйлестірумен жастар шығармашылығын шыңдау, жас таланттарды таныту мақсатында «Туған жер» деп аталатын композиторлар мен әншілер байқауы қолға алынды. Әуелі бес облыс арасында өткізілді. 2008 жылдан ол Кеңес Дүйсекеев атындағы республикалық әншілер конкурсы болып кеңейтілді. Осы байқаудан қаншама өнерлі жастың тұсауы кесілді. Шаттық Ешниязова, Ринат Үсенов, Саламат Әбүтәліпов секілді Сыр елінің талантты жас әншілері әр жылдары байқаудың бас бәйгесін иеленді. «Туған жердің» беделі де, бәйгесі де «Жас қанат» байқауынан артып түсті.

2018 жылы «Туған жер» әншілер конкурсы 2020 жылдың сәуір айында халықаралық дәрежеде өткізілетін болып шешілді. Осыған байланысты барлық ұйымдастыру жұмыстары атқарылып, Қазақстаннан басқа 9 мемлекеттен қатысушылар келетін болып қарбаласып жатқанда төтеннен килікпен пандемия жол кесті. Енді бұл дүбірлі өнер тойы келер жылы Кеңес Дүйсекеев ағамыздың 75 жылдығы қарсаңында қолға алынады деп үміттенеміз.

«Адамдар өмірге қонақ екен, шынымен бұл дүние шолақ екен» деп Кеңес ағамыздың өзі сұлу әніне қосқандай, енді міне, еңсемізді есікті қақпай кірген бір мұң тұқыртып-ақ тұр. Жазуы бар, озы бар дүние ағамызға сол күнді көруге жазбады.

Асыл ағамыз, туған жерінің туымы ерен тұлғасы, көрнекті композитор Кеңес Дүйсекеев еңбегіне сай атаққа да кенде болмады. ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің профессоры, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының мәдениет саласы бойынша мемлекеттік степендия иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы атанды. Берілсе, мұнан басқа атақтар да жарасар еді. Бірақ, хас дарынның өлшемі қолдан берілетін атак емес, халықтың ықыласы мен сүйіспеншілігі.

Кеңес Дүйсекеев десе, елең етпейтін кім бар?! Осы күннен бастап қазақ ән өнерінің өр тұлғасы о дүниеге емес, халқының жүрегіне көшіп алғандай көрінеді. «Тірліктің талай гүлі солғанменен, тағдырдың талай мұңы болғанменен, өмірге келгеніне өкінбе сен» деп сұлу бейнесі күлімдеп тұрғандай. Кеңес ағаның бір әнінің сөзі осылайша рух сыйлайтын. Маған ол осы бір әндегі мәнінің өзі ортамыздан кеткен соң ашылатынын білгендей әсер береді. Өйткені, Кеңес ағаның шығармаларында пәндәуи жеңіл мән кездеспейді, уақыт өткен сайын жарқырай беретін жан иірімінің тереңіндегі інжу-зүмреттей бір қымбат дүниелер көз арбайды.

Мәңгілік мекенін жұмақтың бақшасынан бұйырсын, текті аға!

Рамазан ТАЙМАНОВ,
композитор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА ИЕГЕРІ

ЕҢ ҮЛКЕН МАРАПАТ – ЕЛ ТІЛЕГІ

Көпбейінді облыстық аурухана дәрігері Гүлбану Ысқақова коронавируспен күрестегі елеулі үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Мемлекеттік награданы ол қоғамның шынайы құрметі, ақжүрек алғысы деп есептейді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Г.Ысқақова медицина саласына кездейсоқ келген жоқ. Дәрігер болу бала күнгі арманы еді. Әке-шешесі балаларының бірдей жоғары білім алуына ықпал жасады. Әсіресе, дұрыс жол көрсетіп, жөн сілтеген нағашы апасы Толғанайға ризашылығы шексіз. 1992 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген ол Қызылорда қалалық ауруханасының базасында бір жыл интернатурадан өтті. Әр жылдары қалалық жедел жәрдем стансасында, Махамбетов ауылдық амбулаториясында дәрігер, облыстық денсаулық сақтау басқармасында бас маман болып еңбек етті. Бүгінде көпбейінді облыстық аурухананың күндізгі емдеу бөлімшесінің дәрігері. Карантинге байланысты қазіргі күні фильм бөлімінде жұмыс істеп тұр.

Фильмнің негізгі мақсаты – қауіпті індет жұқтырғандарды анықтау, пневмонияға шалдыққандарға қатысты емдеу шараларын жүргізу. Диагнозы нақтыланғаннан кейін сыртқа адам облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына жіберіледі. Коронавирус емес, пневмония болған жағдайда көпбейінді облыстық аурухананың терапия бөлімінің бокс бөлімшесінде ем қабылдайды. Науқастарға,

сала мамандарына Үкімет тарапынан да, аурухана әкімшілігі тарапынан да барлық жағдай жасалған. Дәрі-дәрмек жеткілікті, – дейді кейіпкеріміз.

Мемлекеттің қаржылай қолдауы коронавируспен күрестің алдыңғы шебіндегі ақхалаттыларды едәуір ынталандырды. «Ерен еңбегі үшін» медалі осы қуанышты еселей түсті. Өйткені отбасынан оқшауланып, ұзақ уақыттан бері өз шаңырағын, жақын-жуығын көрмегендер бар. Қоғамды, халықты қауіпті дерттен құтқару үшін тәуекелге бас тіккендердің еңбегі ескеруге тұрарлық.

Бұл – жалғыз менің емес, бүкіл ұжымның, өңірдегі әріптестерімнің мерейі, абыройы. Дегенмен, біз үшін ең үлкен марапат – елдің ризашылығы, алғасыз тілегі. Халық денсаулығын нығайту жолында антымызға адалдық танытып, әлі де аянбай қызмет атқаруға дайынбыз, – дейді дәрігер.

«Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі болғандықтан, әрбір адам өзінің, отбасының, ата-



анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жауапкершілікпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені ұлт денсаулығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі» деді.

Расында, денсаулығы мықты ұлттың рухы да мықты. Ал рухы мықты ел үшін кез келген қиындықты еңсеру оңай. Ал өзгенің өмірін сақтау жолында жан аямай күш жұмсап жүрген ақжеленді абзал жандарға елдің бірлігі, сактық шараларына бейжай қарамауы – үлкен демеу.

Біз біріксек, алынбайтын қамал жоқ. Ең бастысы, келер күндердің мамыражай болуын тілеймін. Ал, біздің қазіргі міндетіміз – көзге көрінбейтін қауіпті індетпен бетпе-бет шайқаста жеңіске жету, – дейді дәрігер.

Медицина саласы өкілдерінің өз өмірін қатерге тіге отырып, өзгенің өмірін сақтап қалу кезіндегі ерлікпен парадар ерен еңбегі көпке үлгі.

МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

БАУЫРЛАРЫМНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ

Қазір елімізде корона-вируспен қатар пневмония мен тұмау өршіп тұр. Осыдан біршама уақыт бұрын екі бауырым Алтыру, Қалиулла Әбіжәлеловтер қатты ауырып, Мәдениет ауылдық ауруханасына түсті. Қалиулланың қызуы көтеріліп, жасқауы бөлімінде 5 күн жатты. Екеуіне де «екіжакты пневмония» деген диагноз қойылды. Бауырларымың ауыр халін көрген дәрігер мамандар дереу жасқақтау бөліміне жатқызып, қажетті ем шараларын жүргізді. Жасқақтау бөлімінде ресани-матолог Тимур Баджанов, Нұрболат Тәжмаханов бастаған дәрігерлер мен мейірбикелер 5 күн ішінде жағдайын қалыпқа

келтіріп, жалпы палатаға ауыстырды. Екі бірдей бауырымның қиналғаны, қызуы көтеріліп, табеттері болмай қалғаны, әлсіздік пен жөтел қысқаны менің де жанымға батты.

Дегенмен, адам өміріне араша түсіп, қолынан келген барлық ем-домын жасап жатқан дәрігерлердің еңбегінің нәтижесінде бауырларым өздеріне келе бастады. Күнітүні әр науқасты жіті бақылаған антына адал жандардың арқасында бауырларым күннен-күнге жақсаруда. Оған да шүкіршілік еттік.

Осы ретте Мәдениет ауылдық ауруханасының ұжымына, Гүлсім Қаюпова, Жам-

был Әбілкасымов, Батыр Іскендіров, Нұрболат Алмағанбетов, Жасұлан Сақыпбек, Бекзат Алтынбек, Раиса Абдуллаева, Сұлуаш Досыбек сынды ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз.

Бүгінде ауру асқынып, дерт дендеп тұр. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы тәртіпке бағынып, қауіпсіздік шараларын қатаң ұстануы тиіс. Бұл – уақытша қиындық. Жақын күндері бұл кеселді еңсеріп, қалыпты өмірге қайта оралатынымызға сенімдімін.

Рита ЕҢСЕБАЕВА,
Жалағаш ауданы

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«БІР АЙЛЫҚ ҚОР БІР КҮНДЕ ӨТІП КЕТТІ»

Облыс орталығындағы №1 дәріханаға жаңа препараттардың мол қоры келіп түсті. Дәрі-дәрмек келеді деп естігендер мұнда ерте жиналған. Солардың бірі – қаза тұрғыны Райхан Махатова.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

Қазір іздеген дәрі-дәрмегімді таба алмай тұрмын. Қарапайым парасетамол, ащ, С витамині жоқ. Осы жердің өзінде бірнеше дәріханаға бардым. Бірақ бәрі де жоқ деп шығарып салды. Тіпті, орынына қолданылатын дәрілерді де таба алмадым,– дейді зейнеткер.

Ал Серікбай Мақсұтовтың анасының ауырып жатқанына бірнеше күн болыпты. Дәрігерлер жазып берген дәрілерді іздеп, табанынан таусылған. Бірақ бірнеше дәріханаларды аралаған ол керекті дәрілерін таба алмаған.

Анам ауырып жатыр. Жедел жәрдем шақырттық. Дәрі-дәрмекті тізіп жазып берді. Дәрілерді іздеп бармаған дәріхана қалмады. Орталықтағы үш дәріханаға да бардым. Енді осы бірінші аптекаға жаңадан дәрілер келеді деген соң кезек алып күтіп тұрмын, – дейді ол.

Дәріхана менгерушісі Раушан Жүсіпбекованың айтуынша қажетті дәрі-дәрмектер күн сайын келіп жатыр. Бірақ халықтың сұранысын қанағаттандыра алмай жатқандарын жеткізді. Себебі,

бұрын бір айда сатылатын дәрі бір күннің ішінде өтіп кетуде. Бізде грипп, тайлолл, террафлю – бәрі бар. Ыстық түсіретін парацетамол дәрісінің орнын ауыстыратын препараттардың түрі көп. Халық тарапынан ыстықты түсіретін және вирускa қарсы антибактериалды, иммуномодуляциялық препараттарға сұраныс артуда. Әсіресе, цефазолин, цефтриаксон секілді тек дәрігердің рецептімен берілетін дәрілер. Олар мүмкіндігінше түсіп жатыр. Қазір цефтриаксон жоқ болғанымен оның орнына қолданылатын дәрі бар. Сонымен қатар дәрігердің жазып бергені болмаған жағдайда дәріхана маманы емделушіге дәрілердің аналогтарын ұсынады. Қазіргі таңда дәрілік заттың атауына бөлшек және көтерме сауда үшін шекті баға бекітілді. Бұл баға шегі анықталды, одан әрі жоғары бағада сатылмайды дегенді білдіреді. Осы ретте дәрілік заттардың шекті бағасын Dari.kz мобильді қосымшасы арқылы біліп, көрсетілген межеден асырмай сатып жатырмыз, – деді ол.

Сонымен дәріханаға ха-

лыққа қажетті мукалтин, аспирин, цеф3 және жөтелге қарсы шәрбәттің бірнеше түрі келді. Фармацевтер бұл препараттарды шектеп сататынын айтты, яғни, тұтынушыларға көп мөлшерде берілмейді. Бұдан бөлек, дәрілердің қатарында ащ, грипп, либексин, мегасеф, римантадин-сти, ринза, ромамин, сумамед форте, флуконазол, флуол бар. Жаңадан келген дәрілер бағасы бекітіліп, сөреге қойылғаннан кейін халыққа сатылатын болады.

Сондай-ақ, тағы да қаладағы бірнеше дәріханаға дәрі-дәрмектің мол қоры келді. Солардың бірі – «Europharma». Дәріхана менгерушісі Ольга Александровнаның айтуынша, қалада «Europharma» дәріханасының 9 нүктесі жұмыс жасайды екен.

Соңғы екі апта көлемінде дәріханаға келушілердің саны 2-3 есеге артты. Үздіксіз, 24 сағат жұмыс жасап жатырмыз. Келушілерге 2 касса қызмет көрсетуде. Тұрғындар көпшілігі ыстық түсіретін, витаминдер, жөтел мен вирускa қарсы дәрі-дәрмек сұрайды. Бізге аптасына үш рет Шымкент қаласының қоймасынан қажетті дәрі-дәрмек жеткізіліп отыр, – дейді дәріхана менгерушісі.

Бүгінде өңірде фармацевтикалық қызметпен 328 дәріхана және дәріханалық пункт айналысады. Оның 178-і қалада орналасқан.

МОБИЛЬДІК ТОП: ӘР МИНУТ МАҢЫЗДЫ

Әлемді дүрліктірген пандемияның әлгi бiр бөлек, елде пневмония мен тұмау өршiдi. Дертiне дауа iздеп, жедел жәрдемге хабарласатындардың да саны күрт өстi. Қазiр облыстық жедел жәрдем станциясына бiр күнде екi мыңға жуық адам қоңырау шалады. Шақырту көп. Дәрiгердiң мiндетi – шұғыл жету, дереу көмек көрсету. Сондықтан қалалық емханалар мобильдiк топтарды iске қосты.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Мобильдiк топтың қызметi тегiн бе, қанша дәрiгер қалай қызмет көрсетедi? №6 қалалық емханаға осыны білу үшін арнайы барған едік. Мобильдiк топтың дәрiгерлерi мұндай жұмыс уақытында емханада болмайды, әрине. Таңертең 8.00-ден бастап, үй-үйдi аралап, науқастарға жылдам жетудiң жолын қарастырады. Бірақ мұнда тұрғындардың шақыртуын қабылдайтын Call-орталық орналасқан. 40-01-68 нөміріне хабарласқандардың қоңырауы осында түседі.

Бесінші қабатқа көтерілдік. Call-орталыққа кіргенімізде операторлардың бізге мән беріп, ұзақ сөйлесуге уақыты болмайтынын бірден аңғардық.

– Алло, сәлеметсіз бе! Сізді тыңдап тұрмыз. Алдымен науқастың аты-жөнін, жеке сәйкестендіру нөмірін айтып жібересіз бе?

– Қандай шағыммен хабарластыңыз? Үйдің мекен-жайы, байланыс нөміріңіз қандай? Науқас соңғы уақытта сырқат адамдармен байланыста болды ма, өзге аймақтарға жол жүріп келді ме? Сәл күте тұрыңыз, мобильдiк топ дәрiгерi сiз көрсеткен мекен-жайға барып, алғашқы көмек көрсетеді.

Бұл – оператор Әйгерім Дербешованың орталыққа хабарласқан тұрғынмен сөйлесу кезіндегі диалогынан үзінді. Төрт оператор да әр қоңырауға жауап бергенде, науқастың жағдайымен қатар байланыс нөмірін, мекен-жайын әбден нақтылады. Қате дерек дәрiгердiң



де, басқа сырқаттардың да уақытын алатыны белгілі.

Мұнда күніне 200-220 қоңырау қабылданады. Ең бастысы, мобильдiк топ тұрғындарға тегiн қызмет көрсетеді. Олардың басты мiндетi – тұмау, пневмония, коронавируc инфекциясы, ЖРВИ белгiлерi бар пациенттерге бару, диагноз қою үшін медициналық тексеру жүргізу.

Быыл 21 наурызда №6 қалалық емханада осы мақсатта 4 мобилді топ құрылған еді. Әрқайсына жауапты дәрiгермен қатар, 4 тәжірибелі жүргізуші, 4 автокөлік бекітілген.

Емхана бүгінде 65 214 тұрғынға қызмет көрсетеді. Иә, медициналық

мекемеге қарасты аумақ үлкен. «Шұғыла», «КБИ» шағын аудандары, Коммунизм, Абай ауылы тұрғындары да емханадан медициналық көмек алады. Сондықтан әрбір мобильдік топқа белгілі бір аумақ бекітілген.

– Мобильдік топ 12 сағат бойы тұрғындар айтқан мекен-жайға барып, алғашқы көмек көрсетеді. Медицина қызметкерлерінің төртеуі де – жалпы тәжірибелік дәрiгерлер.

беріледі. Айта кету керек, қазір дәрі қоры жеткілікті, – деді бас дәрiгердің емдеу ісі бойынша орынбасары Нұргүл Жалғасбаева.

Егер науқаста коронавируc инфекциясының белгiлерi байқалса ше? Онда емхана жанындағы орталықта ПТР тест тапсыруға да мүмкіндік жасалған. Арнайы бекітілген медбике жұтқыншағы мен мұрыннан жұғынды алып, талдама жасау үшін «Олимп» немесе «In-vivo» зертханаларына жібереді. Бастысы, ПТР тест емханаға тіркелген пациенттер үшін тегін жасалады.

«Құрықтас әктер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қалыптасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тірлеу Тізімінде 20209 нөмірмен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Қоса берілген отыратын субсидияланатын пестицидтерін, биоагенттерін (энтомофаттар-дың) тізбесі және пестицидтерін, биоагенттерін (энтомофаттарына) 1 литріне (килограммына, гра-ммына, данасына) арналған субсидиялар нормалары бекітілсін. 2. «Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құрылдары түрлерінің тізбесін және 1 литрге (килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялар				
нормаларын бекіту туралы» Қазақлорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 10 шіледегі № 7 қаулысының (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тірлеу Тізімінде 6842 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ұталауында бақылау бағында 2019 жылғы 11 шіледіңде жарияланған) күші жоғалды деп танылсын. 3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан тұнандыған шараларды қабылдасын. 4. Осы қаулының орындауына бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жаханова жүктелсін. 5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.				
Қызылорда облысының әкімі Г. Әбілкалымов 2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілген				
Субсидияланатын пестицидтерін, биоагенттерін (энтомофаттардың) тізбесі және пестицидтерін, биоагенттерін (энтомофаттардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормалары				
№ р/с	Субсидияланатын гербицидтердің түрі	Пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофаттардың) бөленді заттардың құрамы	Өлшем бірлігі	Субсидиялар нормасы, тегі/тонна, литр, килограмм
Гербицидтер				
1.	ГЕРБИТОКС, с.е.к.	Диметиламин, қантшыл және натрийлі тұздар түріндегі МЦПА қышқылы 500 г/л	литр	1 672,0
2.	ДИАЛЕН СУПЕР 480, с.е.	2,4-Д диметиламинді тұз, 357 г/л + диамба, 124 г/л	литр	1232,0
3.	БАЛЕРИНА, с.э.	2-этилгексил эфир түріндегі күрделі 2,4-Д қышқылы, 410 г/л + флуорсулам, 7,4 г/л	литр	1 540,0
5.	БЕРНОМАКС, к.э.	2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 300 г/л	литр	1 839,2
6.	ЭСТЕТ, к.э.	2-этилгексил эфирі 2,4-Д қышқылы, 600 г/л	литр	1 205,4
7.	ЭСТЕРОН, к.э.	2-этилгексил эфирі 2,4-Д қышқылы, 850 г/л	литр	1 540,0
8.	ЭФФЕКТ, к.э.	2-этилгексил эфирі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л	литр	1 408,0
9.	ЭСТЕРОН 600, к.э.	2-этилгексил эфирі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л	литр	1 408,0
10.	ГУДЛИВЕР, с.д.т.	азимсульфурон, 500 г/кг	килограмм	30 349,5
11.	ОЛИВЕР, с.д.т.	азимсульфурон, 500 г/кг	килограмм	
12.	ЛАНС, с.е.	аминопиралд, 240 г/л	литр	12 270,0
13.	ТРОФИ, к.э.	бенгатов 25% глифосафат аминий тұзы, 888 г/л	литр	2 129,0
14.	БАЗАГРАМ М, 37% с.е.	+ МСРА натрий-калий тұзы, 12,5% бенгатов, 480 г/л	литр	1 468,7
15.	БАЗАГРАМ, 48% с.е.	бенгатов, 480 г/л	литр	446,5
16.	КОРСАР, с.е.к.	бенгатов, 480 г/л + имазамокс, 23 г/л	литр	5 048,0
17.	КОРМУ, с.е.	бенгатов, 480 г/л + имазамокс, 23 г/л	литр	67 857,0
18.	НОМИИИ 400, с.к	газоксифен-п-метил, 108 г/л	литр	2 068,0
19.	ЗЕЛЛЕКС СУПЕР, к.э.	газоксифен-п-метил, 104 г/л	литр	4 165,0
20.	ГАЛАКТАЛТ, к.э.	изопропанамин және калий тұздары түріндегі глифосафат, 540 г/л	литр	1 160,5
21.	КРЕДИТ ИСТРИМ, с.е.к.	калий тұзы түріндегі глифосафат, 500 г/л	литр	1 122,0
22.	* УРАГАН ФОРТЕ 500, с.е.	калий тұзы түріндегі глифосафат, 500 г/л	литр	1 605,0
23.	ГЛИФОС, с.е.	глифосафат, 360 г/л	литр	
24.	ТОРНАДО, с.е.	глифосафат, 450 г/л	литр	1 732,0
25.	ГЛИФОС ПРЕМИУМ, с.е.	глифосафат, 480 г/л	литр	1 489,0
26.	КЕРНЕЛ, с.е.	глифосафат, 500 г/л	литр	1 122,0
27.	ТОРНАДО 500, с.е.	глифосафат, 540 г/л	литр	975,5
28.	ГРАДУЛ ЭКСТРА 540, с.е.	глифосафат, 540 г/л	литр	
29.	* РАУНДАП ЭКСТРА, 54% с.е.		литр	
30.	* ТОРНАДО 540, с.е.		литр	
31.	ФАРАОН ГОЛД, 54% с.е.	глифосафат, 750 г/кг	литр	
32.	БУРАН ЭКСТРА, 75% с.д.т.		килограмм	1 517,5
33.	* БАСТА, 15% с.е.	аминий глифосинаты, 150 г/л	литр	1 716,0
34.	МИЛАГРО ПЛЮС 270, м.д.	диамба, 220 г/л + никосульфурон, 50 г/л	литр	4 840,0
35.	ВИДМАСТЕР 480, с.е.	диамба, 124 г/л + 2,4-Д, 357 г/л	литр	1 540,0
36.	ДИАЛАТ, 48% с.е.	диамба, 480 г/л	литр	2 068,0
37.	РЕГЛОН ФОРТЕ 200, с.е.	диамба, 200 г/л	литр	2 589,5
38.	ФРОНТБЕР ОПТИМА, 72% к.э.	диметенамид, 720 г/л	литр	4 400,0
39.	2М-4Х 750, 75% с.е.к.	МСРА диметиламин тұзы	литр	2 000,0
40.	ПАРАДОКС, с.е.к.	имазамокс, 120 г/л	литр	16 875,0

41.	КАПТОРА ПЛЮС, 2,4 % с.е.к.	имазамокс, 16,5 г/л + имазатир, 7,5 г/л	литр	2 803,5
42.	ЕВРО-ЛАЙТИНГ, 4,8% с.е.к.	имазамокс, 33 г/л + имазатир, 15 г/л	литр	5 500,0
43.	КАПТОРА, 4,8% с.е.к.		литр	
44.	НОПАСАРАН УЛЬТРА, к.с.	имазамокс, 35 г/л + квинмакс, 250 г/л	литр	8 629,5
45.	ГРЕЙДЕР, с.г.р.	имазатир, 250 г/л	килограмм	12 656,2
46.	ПИБОТ, 10% в.к.	имазатир, 100 г/л	литр	4 800,0
47.	ФАБИАН, с.д.т.	имазатир, 450 г/л + хлоримурон-этил, 150 г/л	килограмм	38 393,0
48.	ВЕЛОСИТИ ПАУЭР с.д.т.	иосульфурон-метил-натрий, 11,3 г/кг + тенакарбон-метил, 22,5 г/кг + мезионир-дигитил (ангидрот), 135 г/кг	килограмм	8 664,0
49.	ФАЦЕТ КС, 25% с.к.	квинмакс, 250 г/л	литр	5 09,0
50.	СЕЛЕКТ, к.э.	клетодим, 120 г/л	литр	2 332,0
51.	КВИКСТЕП, макс.э.к.	клетодим, 130 г/л + галоксифон-п-метил, 80 г/л	литр	7 256,2
52.	ТОПИК СУПЕР 240, к.э.	клодинафен-пропонарид, 240 г/л + клоквиногет-метсил (ангидрот), 60 г/л	литр	13 200,0
53.	КАЛИФ 480, к.э.	кломазон, 480 г/л	литр	7 402,0
54.	РАЙД ЭКСТРА с.д.т.	клопираланд, 750 г/л	килограмм	12 628,0
55.	ДОНТРЕД ГРАЙД 75, с.д.т.	метозолон, 75 г/л + никосульфурон, 30 г/л	литр	3 960,0
56.	ЭЛИОМИС 105, м.л.	метгалаксор, 375 г/л + имазамокс, 25 г/л	литр	5 909,0
57.	НОПАСАРАН, 40% к.с.	метламинтрин, 700 г/л	литр	9 312,0
58.	ПИБОТ, к.с.д.	метгалаксор, 960 г/л	литр	2 142,5
59.	АКЦЕНТ ПИРМА, 96% к.э.	метрибузан, 270 г/л	литр	6 270,0
60.	ЛАЗУРИТ СУПЕР, к.н.э.	метрибузан, 600 г/л	литр	1 760,0
61.	ЗЕНКОР УЛЬТРА, к.с.	метрибузан, 700 г/кг	килограмм	8 527,2
62.	ЛАЗУРИТ, с.п.	метсульфурон-метил, 125 г/кг + трибенурон-метил, 625 г/кг	килограмм	38 456,0
63.	ПЛУГТЕР, с.д.т.	метсульфурон-метил, 300 г/кг + трибенурон-метил, 450 г/кг	килограмм	36 784,0
64.	МАГНУМ СУПЕР, с.д.т.	метсульфурон-метил, 600 г/кг	килограмм	10 625,0
65.	АККУРАТ, с.д.т.	метсульфурон-метил, 600 г/кг	килограмм	10 625,0
66.	МАГНУМ, с.д.т.	МДНА, 350 г/л + шикларом, 150 г/л	литр	4 984,5
67.	ХАЗНА, 60% с.д.т.	никосульфурон, 600 г/кг	килограмм	58 520,0
68.	ГОРГОН, с.е.к.	никосульфурон, 600 г/кг + тифенсульфурон-метил, 150 г/кг	килограмм	5 125,0
69.	ДУБЛОН ГОЛД, с.д.т.	офисифлуорен, 240 г/л	литр	2 125,0
70.	ГОАЛ 2Е, к.э.		литр	
71.	ГОЛ, к.э.		литр	
72.	ГОТРИЛ, 24% к.э.	песциметалин, 330 г/л	литр	1 386,0
73.	СТОМП, 33% к.э.	песциметалин, 350 г/л	литр	892,5
74.	СТАРТ, 35% к.э.	пенноксудам, 25 г/л	литр	9 576,0
75.	РЕЙНБОУ 25 ОД, м.л.	пиноксаден, 45 г/л + клоквиногет - метсил (ангидрот), 11,25 г/л	литр	3 416,0
76.	АКСИАЛ 045, к.э.	претиалаксор, 300 г/л + пирибензоксим, 20 г/л	литр	6 250,0
77.	СОЛИТО 320, к.э.	прометрин, 500 г/л	литр	1 695,0
78.	ГЕЗАГ АРД 500, с.к.	пропамаид, 50%	килограмм	11 160,5
79.	ГЕЗАТРИН 500, с.к.	просульфурон, 800 г/л	литр	2 618,5
80.	КЕРВ, W, с.п.	просульфурон, 750 г/кг	килограмм	54 285,0
81.	БОКСТЕР 800, к.э.	римсульфурон, 500 г/кг	килограмм	95 304,0
82.	ПИК 75, с.д.т.	с-метолахлор 312,5 г/л + тербутилалин 187,5 г/л	литр	1 672,0
83.	ЭСКУДО, с.д.т.	с-метолахлор, 960 г/л	литр	3470,0
84.	ГАРДО ГОЛД 500, к.э.		литр	
85.	ДУАЛ ГОЛД 960, к.э.		литр	
86.	СИМБА, к.э.		литр	
87.	ДОАЛ, к.э.		литр	
88.	АККУРАТ ЭКСТРА, с.д.т.	тифенсульфурон-метил 680 г/кг + метсульфурон-метил, 70 г/кг	килограмм	42 176,5
89.	РЕСТРИКТ, с.д.т.	тифенсульфурон-метил, 545 г/кг + метсульфурон-метил, 164 г/кг	килограмм	49 280,0
90.	ХАРМОНИ ПРО, с.д.т.	тифенсульфурон-метил, 750 г/кг	килограмм	82 500,0
91.	БОМБА, с.д.т.	трибенурон-метил, 563 г/кг + флорасулам, 187 г/л	килограмм	42 977,5
92.	МОРТРА, с.д.т.	трибенурон-метил, 750 г/кг	килограмм	12 760,0
93.	МУСТААН, 75% с.д.т.		килограмм	
94.	ЭКСПРЕСС, с.д.т.		килограмм	
95.	ГАЛЛАНТИНГ, 75% с.т.с.		килограмм	
96.	ТРИЦЕЛ, с.д.т.	трифлусульфурон-метил, 750 г/кг	килограмм	130 707,5
97.	ПУМА СУПЕР, 75% з.м.в.	феноксапрон-п-изит, 69 г/л + мезионир-дигитил (ангидрот), 75 г/л	литр	2 624,1
98.	ПУМА СУПЕР 100, 10% к.э.	феноксапрон-п-изит, 100 г/л + фенционир-дигитил (ангидрот), 27 г/л	литр	2 455,5
99.	ФОКСТРОТ ТУРБО, к.э.	феноксапрон-п-изит, 120 г/л + клоквиногет-метсил (ангидрот), 23 г/л	литр	3 564,0
100.	ПУМА ТУРБО, к.э.	феноксапрон-п-изит, 120 г/л + фенционир-дигитил (ангидрот), 33 г/л	литр	3 571,5
101.	АВЕШИД СУПЕР, 12% к.э.	феноксапрон-п-изит, 120 г/л + фенкарбозол-изит (ангидрот), 60 г/л	литр	3 476,0
102.	ФОКСТРОТ, в.э.	феноксапрон-п-изит, 69 г/л + клоквиногет-метсил (ангидрот), 35 г/л	литр	3 432,0
103.	ЛАСТИК ЭКСТРА, к.э.	феноксапрон-п-изит, 70 г/л + клоквиногет-метсил (ангидрот), 40 г/л	литр	3 825,8
104.	ЛАСТИК ТОП, м.к.э.	феноксапрон-п-изит, 90 г/л + клодинафен - пропонарид, 60 г/л + клоквиногет - метсил (ангидрот), 40 г/л	литр	7 931,2



Кеңес Дүйсекеев

Қазақ елі ауыр қайғыға душар болды. 75 жасқа қараған шағында Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, белгілі композитор, Сыр елінің мақтан тұтар тұлғасы Дүйсекеев Кеңес Дүйсекеулы өмірден озды.

Кеңес Дүйсекеев 1946 жылғы 10 ақпанда Қазалы ауданында дүниеге келген.



1974-1997 жылдары «Гүлдер» ансамблінің бас дирижері және музыка жетекшісі қызметін атқарса, «Қазақконцерт» гастрольдік-концерт бірлестігінің музыка жетекшісі, Қазақ теледидары музыка редакциясының бас редакторы, Қазақстан мемлекеттік телерадио комитеті эстрадалық-симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері қызметтерін атқарған.

К.Дүйсекеевтің жетекшілігімен «Тамаша», «Халық – талант кайнары», «Шабыт», «Жастарға арналған музыкалық кештер», «Музыка әлемінде», т.б. теледидарлық бағдарламалар шығарылды. Ол – «Толғау» симфониясының, «Жалантөс батыр» симфония поэма-картинасының, «О, дүние» кантатасының, «Жыл мезгілдері» романстар циклінің, «Мәди», «Аққу Жібек» мюзиклінің, «Алдар көсе» опереттасының, симфония-концерттер, аспаптарға арналған концерттер, камералық оркестрге шығармалар, соната, рапсодия, вариациялар және 200-ден астам әндердің авторы.

Елімізге белгілі әншілердің

орындауындағы К.Дүйсекеевтің әндері халық жүрегінен әрқашан орын алып келеді.

Өнер саласындағы жетістігі мен еліміздің мәдени-рухани әлеміне қосқан зор үлесі үшін К.Дүйсекеев 1994 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағымен, 2005 жылы «Құрмет» орденімен, 2014 жылы «Парасат» орденімен марапатталды.

Сыр елінің перзенті, елімізге белгілі композитор Кеңес Дүйсекеулының ғибратты ғұмыры, өнегелі өмір жолы, жасаған еңбегі мен қалықтаған әндері ел жадында ұзақ сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және Ардагерлер кеңесі

Ахат Жанаев

Осы сәрсенбіде Сыр жұртышылығы ауыр қайғыға душар болды. Қазақстанның құрметті журналисі, «Қазақ радиосының үздігі», Сырдария мен Жалағаш аудандарының Құрметті азаматы Жанаев Ахат Әбжаппарұлы 86 жасында дүниеден озды. Қазақ журналистикасының қара нары болған Ахат Әбжаппарұлы Жанаев 1934 жылы 24 маусымда Сырдария ауданында дүниеге келген.

1957 жылы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Сырдария ауданындағы №35 орта мектепте мұғалім болып бастаған. Мұғалім болып жүрген кезінде сол кездегі облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, хатшысы қызметтерін атқарған.

Қазақ радиосының Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі бо-

лып 30 жылға жуық жемісті еңбек етті.

Ахат Жанаевтың Сыр өңірінің мәдениеті мен руханилығын дамуына қосқан үлесін айрықша атап өткен жөн. Қорқыт күйлерін жазып алып, қайта жаңғыртып, халыққа танымал етті. 1975 жылы қарт қобызшы Смайыл Шәменұлынан жазып алған Қорқыт атының 12 күйі М.Әуезов атындағы Әлбиет және өнер институтында сақталды.

Журналистика саласына еңбегі сіңген қаламгердің «Арысы едің Алаштың», «Өтелген парыз», «Беркінбай әулие: аңыз бен ақиқат», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың



қамын жер» және т.б. кітаптары жарық көрген. Ерен еңбегі бағаланып, бірнеше медальмен марапатталған.

Сексен алты жасында мәңгілік сапарға аттанған Ахат Жанаевтың дара дауысы, журналистика саласындағы тәжірибесі мен таңғалдырма толы еңбек жолы ел жадында ұзақ сақталатыны сөзсіз.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және Ардагерлер кеңесі

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесі еңбек ардагері, жоғары санаттағы дәрігер акушер-гинеколог **Көпербасева Шолпан Момынжанқызының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал композитор **Дүйсекеев Кеңес Дүйсекеулының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Транс Азия Констракшн» ЖШС ұжымы серіктестіктің шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Есенгелдиева Фаридға жұбайы **Әбдірахманов Ерланның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы институттың кәсіподақ комитетінің төрағасы, аға оқытушы Оразбек Маханбетовке анасы

Күліпа Әшірбекқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ақпараттық-талдау департаментінің басқарушы директоры Нұрхан Жәлімевке әкесі

Бұқарбай Жәліевтің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі Қызылорда қаласының Құрметті азаматы

Мұстафаев Серік Жолдасбекұлының дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі Қызылорда қаласы Белкөл кентінің әкімі **Тастайбек Мұсабаевтың** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының

аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Құрметті құрылысшысы

Ибрагим Аубакировтың дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлына анасы **Жүрсін Әбләкімқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі мәдениет майталманы **Әшімхан Орынбасарұлының** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, әнші-ұстаз **Қарақоз Ақжігітқызы Ақдәулетованың** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі Қызылорда қаласының Құрметті азаматы **Қалыбаев Сахы Ұзақбайұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі және «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РКБ-ның Қызылорда облыстық филиалының ұжымы медицина саласының ардагері

Қалыбаев Сахы Ұзақбайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі және «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РКБ-ның Қызылорда облыстық филиалының ұжымы медицина ғылымдарының докторы, әріптесіміз Ақмарал Шәріпбайқызы Әлнәзароваға анасы, денсаулық сақтау саласының ардагері

Көпербасева Шолпан Момынжанқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сыр жұртшылығына көңілқосымды білдіремін

Қазақтың көрнекті композиторы, КР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Кеңес Дүйсекевтің қазасына қайғыра отырып, оның отбасына, жақындарына, қазақ өнерінің жанашырларына, туған топырағы – Сыр жұртшылығына көңіл айтамын.

Бар ғұмырын қазақ өнерін, музыкасын дамытуға арнап, 50 жылдан астам уақыт бойы эстрадалық әндерден бастап, кең тынысты

симфониялық шығармаларға дейін жазып, музыканың түрлі жанрында тамаша туындылар тудырған, артында көлемді фундаменталдық мұра қалдырған Кеңес Дүйсекеулының ұлт мәдениетіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Кеңес Дүйсекеулының шығармалары қазақ халқына ғана емес, түбі бір түркі халықтарына да аса танымал. Халықаралық ТҰРКСОЙ ұйымының әлемнің

ең белгілі сахналарында ұйымдастырған концерттерінде оның әйгілі шығармалары бірнеше шет тілдерінде шырқалғанына куәміз.

Оның өмір жолының, өнегесінің кейінгі ұрпаққа өшпес үлгі болатыны анық. Қазақ мәдениетінің ауыр қайғысына ортақтығымды білдіремін.

Дүйсен КАСЕЙНОВ,
ТҰРКСОЙ Бас хатшысы

БАҚҰЛ БОЛЫҢЫЗ, ӘН ӘЛЕМІНІҢ АҚИЫҒЫ...

Ел мәдениеті ауыр қазаға ұшырады. Жерлесіміз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, композитор Кеңес Дүйсекеев 74 жасында өмірден өтті.



Кеңес Дүйсекеев 1946 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Алматы консерваториясын бітірісімен «Гүлдер» ансамблінің бас дирижері және музыка жетекшісі, 1976-1979 жылдары «Қазақконцерт» гастрольдік-концерт бірлестігінің музыка жетекшісі, 1975-1984 жылдары Қазақ теледидары музыка редакциясының бас редакторы болып қызмет атқарған.

Дүйсекеевтің жетекшілігімен «Тамаша», «Халық – талант кайнары», «Шабыт», «Жастарға арналған музыкалық кештер», «Музыка әлемінде», т.б. теледидарлық бағдарламалар шығарылды.

1984-1997 жылдары Қазақстан мемлекеттік телерадио комитеті эстрадалық-симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері болды. 1997 жылдан «Қазақконцерт» гастрольдік-концерт бірлестігінің көркемдік жетекшісі.

Ол – «Толғау» симфониясының, «Жалантөс батыр» симфония поэма-картинасының, «О, дүние» кантатасының, «Жыл мезгілдері» романстар циклінің, «Мәди», «Аққу Жібек» мюзиклінің, «Алдар көсе»

опереттасының, симфония-концерттер, аспаптарға арналған концерттер, камералық оркестрге шығармалар, соната, рапсодия, вариациялар және 200-ден астам әннің авторы.

Халық үшін еңбегі өлшеусіз тұлғаның жарқын бейнесі мен қайталанбас туындылары жұртшылық жүрегіне мәңгі сақталады. Бақұл болыңыз, ән әлемінің ақиығы.

Танымал композитор Кеңес Дүйсекеевтің дүниеден өтуіне байланысты қазақ халқына, отбасына және туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Топырағы торқа, жаны жәннатта, иманы саламат болсын!

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихаттардың депутаттары, «Nur Otan» партиясының Қазалы аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі

Пейіште нұрың шалқысын

Қызылорда өңірінен жеткен суық хабар жүрегімізге ауыр тиді. Елдің белгілі азаматы, парасатты педагог Руслан Ізбақыш дүниеден өтіпті...

Бізді сонау жетпісінші жылдардың соңына қарай студенттік өмір табыстырып еді. Еліміздің әр түрлі мектептің әр жылдары бітірген – бірі еңбек етіп, бірі әскери борышын өтеп, енді біртұрақ шәкірттік шақтан тура келген жастар бүгінгі Атырау қаласында, сол кездегі Гүрьев педагогика институтының тарих факультетінде бас қосып едік. Солардың бірі – Руслан Оңдасынұлы Ізбақыш болатын.

Ол Қызылорда облысының Қазалы ауданында 1960 жылдың 31 желтоқсанында дүниеге келген. Өйтпекі би кентіндегі К.Сәтбаев атындағы №216 орта мектепті бітірген соң «Бозкөл» кеңшарында жұмысшы болып еңбек жолын бастапты.

Руслан әуелі даярлық курсына оқиды. Содан да болар, әрі бір жағынан өзінің адамдармен тез



араласып кететін ақ-жарқын мінезін де шығар, студенттік ортада алдыңғы қатарда жүрді. Қандай да бір шараларда белсенділік танытып, ұйымдастыру қабілетін де көрсетіп қоятын. Өзі өнерге де жақын еді. Диплом алған соң туған жеріне оралып, №146 «Ажар» мектебінде әуелі мұғалім, сосын мектеп директорының

орынбасары, мектеп директоры болып еңбек етті. Ұлағатты ұстаз, білікті басшының алдынан жүздеген шәкірттер тәлім-тағлым алып, биіктерге қанат қақты. Ол білім беру әдістерін жетілдіру, оқу сапасын көтеру бағытында өз тәжірибелерін жинақтап, баспа-сөзге ұсынып отыратын.

Руслан Ізбақыштың адал еңбегі бағаланып, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалімен, Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының «Сағауап» медалімен марапатталды.

аға оқытушы, доцент, академиялық профессор қызметтерін атқарған.

2006 жылы Астана қаласындағы Еуразия педагогикалық институтының диссертациялық кеңесінде педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шыққан.

Құлбарам Сәдуақасқызы шетелдік жоғары импакт-факторлы

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Көптегін медег тұтарымыз – ұлағатты ұстаз Руслан Ізбақыштың артында ел айтқан жүрер, шәкірттері мақтан тұтар жақсы істері қалды. Гүрьев педагогикалық институтын өзінен бір жыл кейін бітірген зайыбы Әсия Бергенова екеуі үш перзент тәрбиелеп өсірді. Русланның өзі өлеушілі ғұмырында төрт немересі мен үш жөніненің тәтті қылықтарын көріп кетті.

Біздер оқу орнын бітіруіміздің отыз бес жылдығы қарсаңында Руслан Оңдасынұлының бастамасымен «Білім ап саянда, Өткердік сан жылды...» атты естелік кітабын шығаруды қолға алдық. Осы жинақта жарық көрген оның «Студенттік жылдардан естеліктер» атты еңбегі біздің жастық шағымыздың, студенттік өміріміздің суреттерін шебер жазып, редактор болып қолын қойған еді.

...Сен біздің мәңгі жалымыздың, Руслан! Біз сені ұмытпаймыз...

Гүрьев педагогикалық институтының тарих факультетінің 1983 жылғы түлектері.

Бақұл бол, аяулы әріптес

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, белгілі ғалым, екі мәрте «Жоғары оқу орнының Үздік оқытушысы», «Алтынсарин», «КР білім саласының құрметті қызметкері», «КР білім саласының үздігі», «Д.И.Менделеев» медальдарының иегері, «Халықаралық педагогикалық білім беру академиясының мүшесі-корреспонденті» Құлбарам Сәдуақасқызы мезгілсіз өмірден озды.

Құлбарам Сәдуақасқызы 1943 жылдың 13 қаңтарында Қызылорда облысы Қармақызы ауданы, Ақжар кеңшарында дүниеге келген. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының Жаратылыстану факультетін 1965 жылы бітіріп, Жосалы кентіндегі



№105 орта мектептің химия және биология пәндерінің мұғалімі, 1969-1997 жылдары Қызылорда қаласындағы №4 Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепте химия және биология пәндерінің мұғалімі, 1997 жылдан бастап Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-да «Химияны оқыту әдістемесі», «Химия және экология» кафедраларында әуелі

аға оқытушы, доцент, академиялық профессор қызметтерін атқарған.

2006 жылы Астана қаласындағы Еуразия педагогикалық институтының диссертациялық кеңесінде педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шыққан.

Құлбарам Сәдуақасқызы шетелдік жоғары импакт-факторлы

және Қазақстанның ғылыми басылымдарында 110 мақала, Халықаралық және республикалық конференциялардың 41 материалы мен тезисі, 2 КР инновациялық, өнертабыс және пайдалы модельдерге патенті, ЖОО студенттері мен жалпы білім беругін оқушылар мен химия пәнінің мұғалімі ретінде арналған 21 оқу және оқу-әдістемелік құралы, авторлық құқық берілген 2 электрондық оқулықтың және 3 монографияның авторы.

Құлбарам Сәдуақасқызының өнегелі өмірі мен тағалымы мол ұстаздық, ғылыми дара еңбек жолы, артынан аманат етіп қалдырған ғылыми-әдістемелік еңбектері мен жүрек жырыларын баяндайтын өлең кітаптары бізге мұра болып қала берсін. Асыл бейнесің біздің жүрегімізде мәңгі сақталады!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ұжымы.

Ұлағатты ұстаз өмірден өтті

Өмірдің өткініші екендігін тірі пәндердің есіне салып, есімі Сыр еліне жақсы таныс ұлағатты ұстаз, еліміздің гүлденуіне сүбелі үлес қосқан Құлбарам Сәдуақасқызы дүниеден өтті.

Құлбарам Сәдуақасқызы 1943 жылдың 13 қаңтарында Қармақызы ауданының Ақжар кеңшарында дүниеге келген. 1965 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын Химия және биология мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын сол жылы Жосалы кентіндегі №105 орта мектепте химия және биология пәндерінің мұғалімі болып бастайды. Мұнан соң 30 жылға жуық уақыт бір орында тапжылмастан Қызылорда қаласындағы №4 Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепте ұстаздық етті. 1997 жылдан бастап Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-да «Химияны оқыту әдістемесі», «Химия және экология» кафедраларында әуелі аға оқытушы, доцент, академиялық профессор қызметтерін атқарды.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Құлбарам Сәдуақасқызы білім беру саласындағы қол жеткізген жетістіктері ұшан-теңіз.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, белгілі әдіскер ғалым, екі мәрте «Жоғары оқу орнының Үздік оқытушысы», «Алтынсарин», «КР білім саласының құрметті қызметкері», «КР білім саласының үздігі», «Д.И.Менделеев» және «Қорқыт Ата» алтын медальдарының иегері, «Халықаралық педагогикалық білім беру академиясының мүшесі-корреспонденті» атанды. Сондай-ақ, шетелдік жоғары импакт-факторлы және Қазақстанның ғылыми басылымдарында 110 мақала, 2 КР инновациялық, өнертабыс және пайдалы модельдерге патенті, ЖОО студенттері мен жалпы білім беретін оқушылар мен химия пәнінің мұғалімі ретінде арналған 21 оқу және оқу-әдістемелік құралдары, авторлық құқық берілген 2 электрондық

оқулықтың және 3 монографияның авторы.

Құлбарам Сәдуақасқызы бүкіл өмірін, ерен еңбегін жастарға білім беру мен ғылымды үйретуге арнаған тағалымы мол, үлкен парасат иесі, жүрегі нәзік, өмірден түгелденген өлең жолдарына қисынды сыдыра білген сырлы ақын, ашық жарқын, сыйайы мінезімен адамды баурайтын, ұл-қыздарының аяулы анасы, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі еді. Үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсетіп, кейінгі буында қамқорлық танытқан Құлбарам Сәдуақасқызының жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Иманың жолдас болсын, бақұл бол, Сыр елінің ұлағатты ұстазы!

Қазалы ауданының әкімдігі, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихаттардың депутаттары, «Nur Otan» партиясының Қазалы аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі.

Коммуналдық сала: үздіксіз қызмет көрсетуде

Қарбалас шақта коммуналдық сала мамандары халық сұранысына сай тұрақты жұмыс істеп тұр. Бүгінде қала тұрғындарына «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің теңгеріміндегі 112 ұңғыма арқылы тәулігіне 83 мың текше метр ауызсу таратылуда. Таза әрі сапалы тіршілік нөрі «Қызылжармада» өндіріледі. Ауызсудан басқа қызметтер де үздіксіз көрсетіледі.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

Десек те, карантин кезеңінде кей нысандар күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр. Өйткені, тозығы жеткен, сапасы сын көтермейтін желілер де бар. Халықтың қажеттілігі бірінші орында. Сондықтан жөндеу жұмыстары да жүйелі қолға алынған. Мәселен, Қызылорда қаласының орталық бөлігі мен «Арай», «Шымбай», «Ақмешіт», «Мерей», «Шұғыла» ықшам аудандары бойынша трансформаторлық қосалқы станциялар, көп-қабатты тұрғын үйлер арасындағы кабель желілеріне

күрделі жөндеу жұмыстары қызу жүруде. Трансформаторлық қосалқы станциялардан шығатын желілер, электр берілісінің әуе желілері, трансформаторлық қосалқы станциялар арасындағы әуе желілері жөндеуде. Ал қосалқы станциядағы трансформаторлық ақауларды жоюды оқшаулау, тазалау жұмыстары дер кезінде қолға алынған. «Саяхат» шағын ауданында жаңадан салынған электр желілеріне абоненттер қосылып жатыр.

– Комсомол, Титов, Гагарин,

КБИ, Шанхай ықшам аудандарында 146 шақырым электр желісі жаңғыртылуда. Тағы 8,1 шақырым трансформаторлық қосалқы станцияларалық желілері жөндеді. Бүгінде электр қуатын тұтынушы абоненттерден тәулігіне 30-дан астам өтінім қабылданып, толығымен қалпына келтірілуде, – дейді сала мамандары.

Тасбөгет кенті де мұндай жұмыстардан тыс қалмайды. Ұзындығы 19 шақырым трансформаторлық қосалқы станциялар арасындағы әуе желілеріне және 5 дана трансформаторлық қосалқы станциялардан шығатын 15 шақырым желіге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұған қоса, 3,5 шақырым трансформаторлық қосалқы станциялардан шығатын әуе желілері мен 4 дана трансформаторлық қосалқы станция жөндеді. Тасбөгетке қарасты «Сабалақ» саяжайында да сан түрлі жұмыстар қолға алынған.

Қала бойынша ауызсу

жүйесіндегі түрлі ақаулар бойынша тәулігіне 10-15 шағым, ал кәріз жүйесіндегі ақаулар бойынша 3-5 шағым түседі. Олардың барлығы «Қызылорда су жүйесі» МКК ақауды қалпына келтіру бригадасы арқылы тез арада қалпына келтірілуде. Айта кетейік, қазір «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша мекеме теңгеріміндегі жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда құрылыс-монтаждау 30 процентке орындалған. Аталған бағдарлама бойынша жұмысыздар есебінде тұрған 25 адам уақытша жұмыспен қамтылды.

Жылу жүйесінде де бірқатар шаруа қолға алынды. Қаланың бірнеше аумағында қалың жүйесі құбырлары ауыстырылып жатыр. Тиісті сала басшыларының айтуынша, 1 қазанға дейін барлық жұмыс аяқталып, жылу беру жүйесі сынамадан өтіп, қаһарлы маусымға сакадай сай тұрмақ.

«ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге

✓ 1 000 000 теңгеге дейін

✓ көпiлдiкciз ✓ өте тез!

✓ алты жылға дейін

✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ЭВЕРЕСТ Финанс

TOMEN % СТАВКАЛАР

қарыз 1 000 000 ТГ дейін

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

ҚР Ұлттық Банстен №КЗ01vg0000355 лицензиясы берілген

Оңалту рәсімі – бизнесті жандандырудың бірден-бір көзі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 мамырдағы №307 Қаулысымен 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспары бекітілген.

Кешенді жоспардың 77-тармағымен «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қиындыққа ұшыраған кәсіпорындарды қолдау үшін оңалту рәсімін белсенді жылжыту» шарасы көзделген.

Осыған орай, қарызы төрт ай мерзімнен асқан, төлем қабілетсіздігі уақытша болған кез келген салық төлеушіге, яғни заңды тұлға және жеке кәсіпкерге сотпен бес жыл мерзімге дейін оңалту рәсімі беріледі. Бұл дегеніміз қордаланған қарызын бес жыл мерзімге бөліп төлеуге мүмкіндік алу.

Оңалту рәсімін қолдану үшін салық төлеуші қай уақытта салық төлеуші ретінде тіркелгендігін, қарызы қай уақыттан, не себепті пайда болғандығы, ол қарызы бес жыл мерзім ішінде төлеу көзі, қандай жұмыс ауқымының бар екендігі, алдын ала отырған келісім-шарттарын тіркей отырып, жазбаша түрде оңалту рәсімін қолдану туралы арызын да көрсету қажет. Сонымен қатар, 5 АЕК (13890 теңге) көлемінде мемлекеттік баж төленіп, түбіртегі арызға қоса тіркеледі. Арыз екі ай мерзім ішінде сотпен қаралып, шешім шығарылады.

Оңалту рәсімін қолданған салық төлеушілерге мемлекеттік сатып алуға және сыртқы экономикалық қызметке қатысуға ешқандай кедергі келтірмейді, керісінше салық төлеушінің бет есебіндегі ірі көлемдегі салық берешектерін бекітілген төлем жоспары бойынша кейінге шегеріп, салық төлеушінің жұмысын жалғастыруға өзіндік септігін тигізеді.

Осы оңалту рәсімін енгізу жөнінде сот шешімі шыққаннан кейін Заңның 68-бабына сәйкес келесі мәселелер қарастырылған:

1) сотпен 3 ай мерзімге тағайындалған уақытша әкімшінің келісімсіз мүліктерді сатуға тыйым салынады;

2) кредиторлық қарыздың барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбы (есімшұлар, айыппұлдар), сондай-ақ алынған кредиттер бойынша сыйақыларды есепке жазу тоқтатылады;

3) қарызды өндіру бойынша мемлекеттік кіріс органдарымен және сот шешімімен қарызды өндіру бойынша сот орындаушымен мүлікке қойылған шектеулер және сату бойынша шешімдердің орындалуы тоқтатыла тұрады;

Сонымен қатар, «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңның 95-1 бабында банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту мүмкіндіктері қарастырылған, мысалы борышкерге қатысты оңалту рәсімі қолданылмаған, ал банкроттық рәсімі барысында мүліктің меншік иесі немесе құрылтайшы (қатысушы) осы Заңның 73-бабы 1, 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін оңалту жоспарын әзірлеген жағдайда мүліктің меншік иесі немесе құрылтайшы (қатысушы) немесе ол уәкілеттік берген адам банкроттықты басқарушыға әзірлеген оңалту жоспарын және банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту мүмкіндігін қарау үшін кредиторлар жиналысын өткізу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы. Бүгінгі күнде осы норма жүзеге асып, банкрот рәсіміндегі екі борышкер оңалту рәсіміне өтіп отыр.

Осыған орай, оңалту рәсімін қолдануға қатысты толық әрі тиісті ақпаратты Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінен немесе мемлекеттік кірістер органдарының аумақтық (қала, аудандар) басқармаларынан ала аласыздар.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

Жарамсыз деп есептелсін

Ерниязов Нұрбек Аламысовичтің атына Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінен берілген ҚР №008388 (ІІЛ №01678) қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылордада үшем дүниеге келді



Қызылорда қаласында Қалмырзаев әулетінде үшем дүниеге келді.

Үлкен қуанышқа бөленген отбасы мүшелері жарық дүниеге келген нәрестелерге Асылым, Інжу және Әлінуір деген есім берді. Үшемдерге облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы және облыстық Аналар кеңесі тарапынан сый-сияпат жасалды. Нәрестелерге қазақтың басты құндылығының бірі – домбыра тарту етілді.

«Осылайша қазақтың киелі ұлттық аспабы – домбыраны дәріптеуге назар аударылды. Қаншама ғасырдан бері халқымыздың серігіне айналған қасиетті домбыраны олардың әкесіне табыстадық. Ал сәбилердің анасына дәстүрге сай сыйлықтар берілді» деді шараны ұйымдастырушылар.

Биыл Қазалы ауданында тұратын Алтынбаевтар отбасында да үшем дүниеге келген болатын.

Жыл басынан бері облыстық перинаталдық орталықта 80-ге жуық егіз, 2 үшем дүниеге келді.

«СБ» ақпарат

Қазір індетті жеңуге әр адам өзіндік үлесін қосып жатыр. «Бүгінгі күннің батыры» – дәрігерлер де, тәртіп сақшылары да, жомарт кәсіпкерлер мен жалынды жастар, мейірімді волонтерлер игі істерді қолға алып, жанға қуат, көңілге медет сыйлауда.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ., «Сыр бойы»

Жуырда әлеуметтік желілерден облыстық «Жастар ресурстық орталығы» жанынан әлеуметтік дүкен жұмысын жалғастырағаны жайлы оқыдық. Ондағы қор қаладағы қолы ашық тұрғындардың көмегімен вирусқа қарсы дәрі-дәрмектермен толығыпты. Орталықтың бөлім басшысы, қайырымдылық көмекті үйлестіруге септесіп жүрген Сымбат Әбдрахмановамен тілдескенімізде, қазірдің өзінде 80-ге жуық тұрғынға қажетті препараттар үлестірілгенін айтты.

– Кең пейілді кемімес. Қазір Сыр жастары, еріктілер қолынан келгенше көмек жасауда. Бүгін де олар қайырымдылық шараларының басы-қасынан

табылды. Бірі ауруханаларға қажетті оттегі баллондарын тасымалдады, енді бірі мұқтаж жандарға дәрі-дәрмек жеткізуге кірісті. Орталықтағы әлеуметтік дүкеннің ашылғанына көп бола қойған жоқ. Алайда, осы бастаманың, жомарт жандардың көмегінің нәтижесінде біраз жұмыс атқардық. Мейірімділік шарасы әлі де жалғасын табады. «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» дегенмен, біз әлеуметтік желідегі орталық парақшасында көрсетілген көмекті жариялап жүрміз. Мақсат – тұрғындардың толассыз қолдауы арқылы өзге жандарға ой салу. Барлығымыздың да қолымыздан көмектесу келетінін көрсету. Тек материалдық тұрғыда емес, моральдық

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-а бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-11) «Батыс Түзкөл кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№110, 113, 115, 116, 117, 165, 175, 176, 178, 213, 254, 258, 259, 261, 290, 307, 311, 315, 323, 324, 328, 329, 340, 343, 345, 351, 352, 358 ұңғымалардан 4” аралық құбырлар тарту. СП-14 спутнигін орнату. СП-14 спутнигінен мұнай коллекторын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертүүлерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертүүлер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және muert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ!



Қызылорда «Болашақ» университеті 2020-2021 оқу жылына профессор-оқытушылардың бос лауазым орындарына жұмысқа шақырады!

Өтінімдер мен құжаттарды тапсыру мерзімі:

Басталуы: 19 маусым 2020 жыл
Аяқталуы: 10 тамыз 2020 жыл

Төмендегі оқу бағдарламалары бойынша жұмыс кестесі:

- 1) Full-time (1 жүктеме және жоғары)
- 2) Part-time (0.5; 0.25 жүктеме) түйіндеме жіберу
- 3) Part-time (0.5; 0.25 жүктеме) қашықтықтан Platonus, Zoom және басқа қашықтықтан оқыту жүйелерінде

Университеттің бос лауазымдары:

	Ғылым докторы, профессор	Ғылым кандидаты, доцент, PhD докторы Қауымдастырылған профессор	Аға оқытушы	
Жалпы білім беру және құқық кафедрасы				
Құқықтану	1		3	
Компьютерлік ғылымдар, математика кафедрасы				
Математика	1	1		
Информатика	1	1	1	
Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету		1	1	1
Электр энергетикасы		1	1	
Ақпараттық жүйелер		1	2	
Дизайн		1	1	
Кәсіптік оқыту		1	1	
Мектепке дейінгі, бастауыш білім және өнер кафедрасы				
Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	1	3	1	
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу		1	1	
Музыкалық білім		1	1	
Бейнелеу өнері және сызу			1	
Хореография			1	
Экономика, аудит, бизнес және басқару кафедрасы				
Экономика			1	
Есеп және аудит		1		
Мемлекеттік және жергілікті басқару		1	1	

Түйіндемені bolashak_5@mail.ru электронды мекен-жайына жолдауға болады.

Әңгімелесу форматы: дәстүрлі/қашықтықтан Сыртқы пайдаланушылармен сұхбат жүргізуде Zoom бағдарламасы конференция форматында

қолданылады. Шарттар әңгімелесу барысында талқыланады.

Ғылым докторы, PhD докторлары, ғылым кандидаттарына еңбекақысы негізгі жалақысынан 200% жоғары, магистрлерге 30-50%.

Қаржы Менеджмент	1	1	
Филология, журналистика кафедрасы			
Журналистика		1	
Шетел тілі: екі шетел тілі	1		1
Аударма ісі		1	
Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	2		1
Кітапхана ісі	1		1
Педагогика, дефектология кафедрасы			
Педагогика және психология	1	2	1
Дефектология		2	
Логопед		1	
Құрылыс, мұнай, логистика, биология кафедрасы			
Биология	1		1
Мұнай-газ ісі	1		1
Құрылыс	1		
Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	2		1
Экология	1		1
Органикалық заттардың химиялық технологиясы			1
Стандартау және сертификаттау (салалары бойынша)			1
Спорт, әскери дайындық			
Бастапқы әскери дайындық	1		1
Дене шынықтыру және спорт	1		1

Қосымша ақпаратты мына телефондардан алуға болады: +77015229685, 8(7242) 300165, 8(7242) 234515, +77772468129.

Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің Сол жағалауы, 111, «Болашақ» университетінің Кампусы.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті. №КЗ041ЛА00011297, берілген күні 14.03.2018 ж.)

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)

Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламақы тапсырысы бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 26169

Тапсырыс №951

Кезекші редактор Айдана ЖҰМАДИНОВА.